Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығы

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны

"Медициналық қызметтер бағасының калькуляциясы"

___________________________

ұйымның атауы, өңір

Ұсынылады: Жұмыс органы

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: https://www.dsm.gov.kz

Индекс: 11-МҚБК

Кезеңділігі: қажеттілігіне қарай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: референттік денсаулық сақтау субъектілері

Нысанды ұсыну мерзімі: хабарлама алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде

| Медициналық қызмет коды | Медициналық қызмет атауы | Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Толық атауы | Өндіруші (отандық, шетелдік) | Шығарылым формасы | Өлшем бірлігі | Дозалау | Қаптамадағы саны | Шығын нормасы | Бағасы, теңге | Сомасы, теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы:

| Медициналық персоналындың лауазымы | Қызмет көрсетуге кеткен уақыт, минут | Жалақы есебі, теңге | | | Әлеуметтік салық, теңге | Әлеуметтік аударымдар, теңге | Тікелей шығыстар, теңге | Үстеме шығындар, теңге | | Медициналық қызмет бағасы, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жалақының айлық қоры | Уақыт бірлігіне шаққандағы жалақы, минут | Қызмет бірлігіне шаққандағы жалақы | | | | % | Абсолюттік сома | |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| | | | | | | | | | | |

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы: ________________________________________

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы: _______________

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _______________________________________________________

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: ___________________________________________________

Орындаушының электрондық мекенжайы: ______________________________________

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша
"Медициналық қызметтер
бағасының калькуляциясы"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Медициналық қызметтер бағасының калькуляциясы" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Медициналық қызметтер бағасының калькуляциясы" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды денсаулық сақтаудың референттік субъектілері толтырады және жұмыс органына ұсынады.

3. Нысанға Денсаулық сақтау субъектілері болып табылатын ұйымның басшысы не оның міндетін атқаратын адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан хабарламаны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

## 2 тарау. Нысанды толтыру

6. 1-2-бағандарда медициналық қызметтердің қолданыстағы тарификаторына сәйкес қызметтің коды мен атауы көрсетіледі. Тарификаторға енгізу үшін жаңа медициналық қызметті ұсыну кезінде 1-бағанда медициналық қызмет кодының орнына "жаңа медициналық қызмет" белгісі қойылады.

7. 3-4-бағандарда мемлекеттік тізілімге (бар болса) сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың толық атауы және Өндіруші ел (отандық/импорттық) көрсетіледі.

8. 5-бағанда шығару нысаны көрсетіледі: таблетка, ампула, құты, ұнтақ.

9. 6-бағанда өлшем бірлігі көрсетіледі: дәрілік заттар үшін - миллиграмм, миллилитр, грамм; медициналық бұйымдар үшін-бу, дана, сантиметр, метр.

10. 7-бағанда дозасы көрсетіледі: цифрлармен.

11. 8-бағанда орамдағы саны көрсетіледі: дана.

12. 9-бағанда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар шығысының нормасы көрсетіледі.

13. 10-бағанда зерттелетін кезең үшін кодекстің 7-бабының 95) тармақшасына сәйкес теңгедегі шекті баға көрсетіледі.

14. 11-бағанда 10-бағанды 8-бағанға бөлу және 9-бағанға теңгемен көбейту жолымен айқындалатын шығыс материалдары бойынша сома көрсетіледі.

15. 12-бағанда медицина персоналының лауазымы көрсетіледі.

16. 13-бағанда қызметті жүргізуге жұмсалған уақыт минутпен көрсетіледі.

17. 14-бағанда "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес айлық жалақы қоры көрсетіледі.

18. 15-бағанда айлық жалақы қорын сағатпен және 60 минутқа айлық жұмыс уақыты балансына бөлу жолымен минутпен уақыт бірлігіне жалақы көрсетіледі.

19. 16-бағанда 15-бағанды 13-бағанға көбейту жолымен қалыптастырылады.

20. 17-18-бағандарда әлеуметтік салық және теңгемен әлеуметтік аударымдар көрсетіледі.

21. 19-бағанда 11, 16, 17 және 18-бағандарды қосу жолымен айқындалатын тікелей шығыстар көрсетіледі.

22. 20-бағанда үстеме шығыстардың пайызы көрсетіледі.

23. 21-бағанда 16, 17 және 18-бағандарды қосу және 20-бағанға көбейту жолымен айқындалатын теңгедегі үстеме шығыстар көрсетіледі.

24. 22-бағанда 19 және 21-бағандарды қосу жолымен қалыптастырылатын теңгедегі медициналық қызметтің құны көрсетіледі.